

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № 692 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына және «2011 - 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 сәуіріндегі № 473 қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында осы қаулыға қосымшаға сәйкес әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталын ұлғайту немесе төлеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне нысаналы даму трансферттері түрінде аудару үшін 1842000000 (бір миллиард сегіз жүз қырық екі миллион) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.20 № 1562 Қаулысымен**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері 2011 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы жөнінде есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 3

м а у с ы м д а ғ ы

№

6 9 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жарғылық капиталын ұлғайту немесе төлеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.07.21 № 835 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.23 № 1094, 2011.12.20 № 1562 Қаулыларымен.**

Р/с №	Облыстардың атауы	Ұйымның атауы	Шығыстар сомасы, мың теңге
1	2	3	4
<b>Барлығы:</b>			<b>1 842 000</b>
1.	Ақмола облысы	«Есіл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы	120 000
2.	Ақтөбе облысы	«Ақтөбе» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	120 000
3.	Алматы облысы	«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы	48 000
4.	Атырау облысы	«Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы	120 000
5.	Шығыс Қазақстан облысы	«Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы	240 000
6.	Жамбыл облысы	«Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	120 000
7.	Батыс Қазақстан облысы	«Орал» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	120 000
8.	Қарағанды облысы	«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	180 000
9.	Қостанай облысы	«Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы	120 000
10.	Қызылорда облысы	«Қызылорда» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы	120 000
11.	Маңғыстау облысы	«Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	24 000
12.	Павлодар облысы	«Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	30 000

13.	Солтүстік Қазақстан облысы	«Солтүстік» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы	120 000
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	«Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	120 000
15.	Астана қаласы	«Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы	120 000
16.	Алматы қаласы	«Алматы» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	120 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ